

Тәңкіш Назира Полатқызының

6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына
АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері

Зерттеудің мақсаты: болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізу.

Зерттеудің міндеттері:

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық - әдіснамалық негіздерін айқындау;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу әдістері: жалпы теориялық-зерттеу әдістері зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен, білім алушылар тұлғасын дамыту тұжырымдамаларымен танысу; озық тәжірибелерді талдау; оқу технологияларын жобалау, іс-әрекет нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасау; сауалнама, тестілеу жүргізу, диагностикалық, педагогикалық, түзетушілік әдістемелер, статистикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық - әдіснамалық негіздері айқындалды;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек

функцияларын қалыптастырудың әдістемесі;

- «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» атты элективті курс;

- «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың негіздері мен жолдары» атты электронды оқу құралы;

- «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» атты әдістемелік нұсқау;

- Тренингтер мазмұны жасалып тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.

Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын оқу орындарында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары маманның кәсіби іс-әрекетін қамтамасыз ететін тұлғалық қабілеттер мен әлеуметтік еңбек саласынан қалыптасқан білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жиынтығы.

2. Кәсіптік білім беру педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары: аналитикалық-диагностикалық, болжамдық, ұйымдастырушылық-коммуникативтік, оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау және көмек көрсету, сақтау-қорғау.

3. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын атқару сапалары тұлғалық (адами қасиеттер; мінез-құлық дағдылары; рефлексиялық біліктер); кәсіптік (интеллектуалдық білімдер, дидактикалық біліктер, өндірістік дағдылар); басқарушылық (көшбасшылық қабілеттер, әлеуметтік біліктер, коммуникативтік дағдылар).

4. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық, технологиялық, іс-әрекеттік және тиімділік құрамдас бөліктерінің бірлігі және оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады.

5. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын атқаруға даяр болуын айқындайтын сапаларының ЖОО-ның оқу-тәрбие процесінде қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеу тақырыбы ғылымның дамуының басым бағытына сәйкес келеді.

Біріншіден, Ел Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы педагог мәртебесін көтеруге, білім алушыларды тұлғалық-гумандық тұрғыдан дамытуға бағытталған. Екіншіден, ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға

дейінгі Ұлттық даму жоспарында: «Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілерде сұранысқа ие сапалы кәсіби және әлеуметтік дағдыларды ұсынуға бағытталады болады. Жұмыс берушілердің қызметкерлерге қоятын талаптары көрсетілген кәсіптік стандарттарды әзірлеу бойынша жұмыс жалғастырылады. Берілген кәсіптік стандарттарды негізге ала отырып, ТЖБ жүйесінде, сол сияқты жоғары білім беру жүйесінде білім беру бағдарламалары қайта қаралатын, әзірленетін және бейімделетін болады» деп көрсетілген.

Сонымен қатар, үшіншіден, осы маңызды құжаттардың ішінде Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «Заманауи білімі бар, сондай-ақ оқыту технологиялары мен әдістерін білетін біліктілігі жоғары педагогтарсыз білім беру сапасын арттыру мүмкін емес. Қазіргі заманғы педагог жаңа технологиялық тәртіпке көшу процесінде жол көрсетуші болуы тиіс. Ол үшін болашақ педагогтарды оқыту, қазіргі педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру, оқытушы кәсібінің мәртебесін арттыру тәсілдері қайта қаралатын болады» делінген.

Осы мемлекеттік стратегиялық құжаттарда көрсетіліп отырған міндеттер болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың өзектілігін айқындай түсті.

Зерттеуді сынақтан өткізуі.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

1. Болашақ педагогтың еңбек қызметі және оны құраушы элементтердің функционалдық сипаты/ «Рухани жаңғыру: ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары I-том. Шымкент-2017. –Б.570-575
2. Жеке тұлға және оны дамытудың әлеуметтік өзектілігі /«Әуезов оқулары-16: «төртінші өнеркәсіптік революция: Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудың жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері», Шымкент-2018.-Б.142-143
3. Болашақ педагогтардың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының мазмұндық сипаты/«Әуезов оқулары-16: «төртінші өнеркәсіптік революция: Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудың жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері», Шымкент-2018. – Б.139-142
4. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциясын қалыптастыру мүмкіндіктері/ Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана №5 (сентябрь-октябрь), 2018г. –С.24-29
5. Педагогтың тұлғалық функциясын қалыптастырудағы халықтық педагогиканың рөлі/ «Әуезов оқулары-17: әлемдік кеңістіктегі ғылым мен

- руханияттың жаңа серпілістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том 3 (1), Шымкент-19. –Б.276-279
6. Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары/ Әдістемелік нұсқау. Шымкент-2019
 7. Содержание и траектория реализации социально-личностных функций будущего педагога профессионального обучения/ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы. 2019. –Б.226-231
 8. Basics of the formation of personal and social labor functions of the future teacher of vocational training/ ISCIENCE.IN.UA «Актуальные научные исследования в современном мире», Выпуск 10(54) ч. 5, Переяслав-Хмельницкий, октябрь 2019г. Секция: педагогика, ISSN 2524-0986. –С.6-9
 9. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың негіздері мен жолдары/ Электронды оқу құралы, Шымкент-2019
 10. Қазақстанда болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда «мәңгілік ел» ұлттық идеясының маңызы/ Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабарлыры, № 3 (331), 2020. – Алматы, -Б.16-25
 11. Болашақ педагогтың әлеуметтік-бағытталған тұлғасын қалыптастыру мәселелері/ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналы, № 2(116) - 2020 сәуір-мамыр-маусым. –Б.259-267
 12. Методологические основы функциональных обязанностей и социально-личностных функций педагога профессионального обучения/ Polish science journal, issue 4 (25) international science journal warsaw, poland wydawnictwo naukowe "Iscience Poland" Warsaw-2020. -P.155-159
 13. Формирование социальной личности будущего педагога профессионального обучения/ Материалы международной научно-практической интернет-конференции «тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации» 31 марта 2020 года вып. 57 сборник научных трудов, Переяслав – 2020. –С. 233-237
 14. Problems of Forming a Social Personality of a Future Teacher/"The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology" Materials of the V International Scientific-Practical Conference May 6-8, 2020 (Ankara, Turkey) Volume III Ankara, 2020. –P.193-199
 15. Болашақ педагогтың әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік жұмыстың өзара байланысын талдауы/ Материалы VI Международной научно-практической конференции «НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: ВЫЗОВЫ XXI века» Секция 11. Педагогические науки III том, Нур-султан – 2020. –С. 29-33
 16. PROFESSIONAL PEDAGOGICAL MOBILITY AND SPECIFIC FEATURES OF ITS FORMATION/ Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым

- академиясының ХАБАРШЫСЫ № 6, қараша-желтоқсан, Алматы-2020. – Б.322-331
17. Ways of Forming Personal and Social-Labour Functions of a Future Teacher/ Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment журналы (Canada), 2020, E-ISSN 2292-2598, **Scopus**. Vol. 8, Iss. 3.-P.377-387
 18. Формирование трудовых функций будущего педагога профессионального обучения в процессе практической подготовки/«Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том (3) Шымкент, 2021. -Б.164-168
 19. Development Factors of the Lecturers' Professional Mobility in System of Higher Education in Kazakhstan/ European Journal of Contemporary Education E-ISSN 2305-6746 **Scopus**. -2020, 9(3): 490-504 DOI: 10.13187/ejced.2020.3.490 www.ejournal1.com